

## 2014 жылғы қараша айы үшін «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша ақпарат

2014 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтері (бұдан әрі - ЗА) 4 413,19 млрд. теңгені құрады.

### Зейнетақы активтерінің портфели

**1-кесте. Қаржы құралдарының түрлері және олардың үлестері бойынша БЖЗҚ ЗА портфелінің құрылымы.**

Қаржы құралының түрі	01.04.14 жылға ағымдағы құн, млрд. теңге	01.04.14 үлесі	01.11.14 жылға ағымдағы құн, млрд. теңге	01.11.14 үлесі	01.12.14 жылға ағымдағы құн, млрд. теңге	01.12.14 үлесі	ЗА есімі
КР МБҚ	1 879,44	47,42%	2 064,38	47,37%	2 034,95	46,11%	-1,43%
Шетелдік мемлекеттердің МБҚ	134,71	3,40%	88,49	2,03%	75,65	1,71%	-14,51%
ХҚҰ	76,54	1,93%	84,16	1,93%	83,42	1,89%	-0,89%
КР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары	847,48	21,38%	910,48	20,89%	1 155,81	26,19%	26,94%
Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары	41,48	1,05%	99,25	2,28%	93,19	2,11%	-6,11%
PPN (құрылымдық ноттар)	71,20	1,80%	52,66	1,21%	51,21	1,16%	-2,75%
КР эмитенттерінің акциялары және депозитарлық қолхаттары	177,16	4,47%	150,34	3,45%	142,50	3,23%	-5,22%
Шетелдік эмитенттердің акциялары және депозитарлық қолхаттары	12,49	0,32%	10,76	0,25%	10,62	0,24%	-1,30%
Туынды құралдар	-	-	-2,28	-0,05%	- 2,46	-0,06%	7,65%
Депозиттер	275,90	6,96%	714,20	16,39%	711,81	16,13%	-0,33%
РЕПО	11,51	0,29%	6,22	0,14%	2,33	0,05%	-62,55%
Инвестициялық шортагы акшалар	266,77	6,73%	155,73	3,57%	27,72	0,63%	-82,20%
Басқа активтер (толем шортарындағы акшалар)	-	-	23,65	0,54%	26,44	0,60%	11,84%
<b>ЗА барлығы</b>	<b>3 963,68</b>	<b>100%</b>	<b>4 358,04</b>	<b>100,00%</b>	<b>4 413,19</b>	<b>100,00%</b>	<b>1,27%</b>

БЖЗҚ 2014 жылғы 01 қаңтардан бастап 2014 жылғы 30 қарашадағы кезең үшін ЗА табысы 5,23% құрады.

Жеке жинақтаушы зейнетақы қорларының ЗА консолидациясы нәтижесінде БЖЗҚ ЗА көлемі 2014 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 3 963,68 млрд. теңгені құрады. 2014 жылғы 1 сәуірден бастап 2014 жылғы 30 қараша аралығындағы кезең үшін БЖЗҚ ЗА 449,51 млрд. теңгеге немесе 11,34 % ұлғайды, оның 96,81 млрд. теңгесі есептелген инвестициялық табысты құрады.

Көрсетілген кезең үшін (сәуір-қараша) ЗА шартты бірлігінің есімі 1,86 % құрады. Мұнымен бірге осы кезең үшін жинақталған құнсыздану деңгейі 3,50% құрады.

Аталған кезең үшін БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелін өтеуге орташа алынған кірістілік (YTM) жылына 5,15%-дан бастап жылына 7,74%-ға дейін артты.

### Сонғы ай үшін БЖЗҚ ЗА портфелі бойынша туындаған өзгерістер

**2-кесте. 2014 жылғы қарашада зейнетақы активтерін инвестициялау**

Эмитент	Валюта	Көлемі, млрд. теңге	сатып алу орташа алынған кірістілігі, жылына %
Депозиттер	KZT	20,00	9,50%
КР облигациялары	KZT	164,44	8,35%
Еврооблигациялар	USD	82,25	7,30%
<b>Жиынтығы</b>		<b>266,68</b>	<b>8,12%</b>

## **Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары**

БЖЗҚ ЗА портфелінде негізгі үлесті ҚР МБҚ құрайды, олардың көлемі есепті айда 29,43 млрд. теңгеге азайды және 2 034,95 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 46,11 % құрады.

Есепті айда жалпы сомасы 30,97 млрд. теңгеге ҚР МБҚ сатылған болатын. Мұнымен бірге есепті кезенде ҚР МБҚ сатып алулар және өтеулер болған жоқ.

Есепті кезең үшін БЖЗҚ ЗА портфелінде ҚР МБҚ өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 7,39 %-дан бастап жылына 7,42 %-ға дейін ұлғайды.

## **Шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары**

Есепті айда шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздар көлемі 12,84 млрд. теңгеге төмендеді және 75,65 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 2,03 %-дан 1,71%-ға дейін төмендеді.

Есепті кезенде шамамен 12,68 млрд. теңге мөлшерінде шетелдік мемлекеттердің МБҚ сатылған болатын. Мұндайда БЖЗҚ ЗА портфелінде шетелдік мемлекеттердің МБҚ сатып алулар мен өтеулер болған жоқ.

Есепті кезең үшін БЖЗҚ ЗА портфелінде шетелдік мемлекеттердің МБҚ өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 1,67%-дан бастап жылына 1,90%-ға дейін артты.

## **Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары**

Есепті айда Халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларының көлемі 0,75 млрд. теңгеге азайды және 83,42 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 1,93% -дан 1,89% -ға азайды.

Есепті кезенде Халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын сатып алу, сату және өтеу болған жоқ.

Есепті кезең үшін БЖЗҚ ЗА портфелінде Халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 7,37% -дан жылына 7,33%-ға дейін төмендеді.

## **Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі депозиттер**

Есепті айда ЕДБ салымдардың көлемі 2,39 млрд. теңгеге азайды және 711,81 млрд. теңгені құрады. Портфелдегі олардың үлесі 16,39%-ден бастап 16,13%-ға дейін төмендеді.

Есепті кезенде БЖЗҚ ЗА орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі жылына 9,50% құрайтын жалпы көлемі 20 млрд. теңгеге ЕДБ ұзақмерзімді салымдарына орналастырылған болатын. Мұнымен бірге БЖЗҚ ЗА портфелінде жалпы сомасы шамамен 27,39 млрд. теңгеге ЕДБ салымдары өтелді.

Есепті кезең үшін БЖЗҚ ЗА портфелінде ЕДБ салымдарын өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 8,74 %-дан бастап 8,81%-ға дейін ұлғайды.

## **ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары**

Есепті айда ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларының көлемі 245,32 млрд. теңгеге артты және 1 155,81 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 20,89%-дан 26,19%-ға дейін ұлғайды.

Есепті кезенде орташа алынған кірістілік жылына 8,00% құрайтын жалпы көлемі 246,68 млрд. теңгеге ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары сатып алынған болатын, оның ішінде теңгеге номинацияланған ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары 164,44 млрд. теңгені, орташа алынған кірістілігі жылына 8,35% құрады. Шетел валютасына номинацияланған ҚР эмитенттерінің облигацияларындағы ЗА инвестициялары орташа алынған

кірістілігі жылына 7,30% құрайтын 454,72 млн. АҚШ долларын (шамамен 82,25 млрд. теңге) құрады.

Мұндайда БЖЗҚ ЗА портфелінде 3,63 млрд. теңге сомасына ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары өтелді. ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары сатылмады.

Есепті кезең үшін БЖЗҚ ЗА портфелінде ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 10,45%-дан бастап 9,69%-ға дейін азайды.

### **Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары**

Есепті айда шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигацияларының көлемі 6,06 млрд. теңгеге азайды және 93,19 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 2,28%-дан 2,11%-ға дейін төмендеді.

Есепті кезеңде жалпы сомасы 4,73 млрд. теңге мөлшерінде шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары өтелген болатын.

2014 жылғы қарашада шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигацияларын сатып алу және сату болған жоқ.

Есепті кезең үшін БЖЗҚ ЗА портфелінде шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 6,37%-дан бастап 7,28%-ға дейін үлгайды.

### **Шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар)**

Есепті айда шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар) көлемі 51,21 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 1,16% құрады.

Есепті кезеңде шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар) өтеу, сатып аулар және сатулар болған жоқ.

### **ҚР эмитенттерінің акциялары және депозитарлық қолхаттары**

Есепті айда ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттарының көлемі 7,84 млрд. теңгеге азайды және 142,50 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 3,45%-дан бастап 3,23%-ға дейін төмендеді.

Есепті кезеңде ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттарын сатып алу және сату болған жоқ.

### **Шетелдік эмитенттердің акциялары және депозитарлық қолхаттары**

Есепті айда шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттарының көлемі 0,14 млрд. теңгеге азайды және 10,62 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 0,25%-дан бастап 0,24%-ға дейін төмендеді.

Есепті кезеңде шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттарын сатып аулар және сатулар болған жоқ.

### **Тұынды қаржы құралдары**

1 желтоқсандағы жағдай бойынша БЖЗҚ ЗА портфелінде жалпы сомасы 425 млн. АҚШ долларына 4 жеткізілмейтін форвард бар.

## **Валюталар бойынша БЖЗҚ ЗА портфелін құрылымдық үлестіру**

3-кесте. Валюталар бөлгінде БЖЗҚ ЗА портфелінің құрылымы

Валюта	01.04.14 жылға ағымдағы күн, млрд. тенге	01.04.14 үлесі	01.11.14 жылға ағымдағы күн, млрд. тенге	01.11.14 үлесі	01.12.14 жылға ағымдағы күн, млрд. тенге	01.12.14 үлесі	Соңғы айда осуі/томендеуі %
Ұлттық валюта	3 281,63	82,79	3 826,82	87,81%	3 874,51	87,79%	1,25%
АҚШ доллары	434,1	10,95	486,87	11,17%	499,19	11,31%	2,53%
Тазартылған алтын	169,01	4,26	0,00	0,00%	0,00	0,00%	0,00%
Ресей рублі	34,81	0,88	31,24	0,72%	26,81	0,61%	-14,18%
Малазия ринггиттері	3,34	0,08	3,34	0,08%	3,26	0,07%	-2,35%
Евро	1,39	0,04	0,99	0,02%	0,97	0,02%	-1,66%
Ағылшын фунт стерлингі	1,92	0,05	1,69	0,04%	1,69	0,04%	-0,16%
Бразилия реалдары	26,34	0,66	3,06	0,07%	2,75	0,06%	-9,93%
Мексика песосы	0,31	0,01	0,28	0,01%	0,27	0,01%	-2,22%
Қытай юані	3,73	0,09	3,76	0,09%	3,75	0,08%	-0,31%
<b>Жиыны</b>	<b>3 963,68</b>	<b>100,00%</b>	<b>4 358,04</b>	<b>100,00%</b>	<b>4 413,19</b>	<b>100,00%</b>	<b>1,27%</b>

### **Инвестициялық қызметтің нәтижелері**

2014 жылғы қараша айы үшін БЖЗҚ зейнетакы активтері бойынша есептелген инвестициялық табыс 19,52 млрд. тенгені құрады.

Инвестициялық табыс/шығын құрылымы:

- ✓ Екінші денгейдегі банктердегі инвестициялық табыс 5,07 млрд. тенгені құрады.
- ✓ Бағалы қағаздар бойынша инвестициялық табыс 14,38 млрд. тенгені құрады.
- ✓ «Кері РЕПО» операциялары бойынша инвестициялық табыс 35,51 млн. тенгені құрады.
- ✓ Валюталық шоттардан инвестициялық шығын 134,28 млн. тенгені құрады.
- ✓ Туынды құралдардан түсken инвестициялық шығын 163,66 млн. тенгені құрады.

2014 жылғы қараша үшін БЖЗҚ шартты зейнетакы бірлігінің өсу қарқыны 0,42% құрады. 2014 жылдың басынан бастап БЖЗҚ шартты зейнетакы бірлігінің өсу қарқыны 5,23% құрады.

### **Инвестициялық декларация параметрлерін сақтау туралы ақпарат**

Сенімді басқарудағы БЖЗҚ ЗА құрылымдық үлестіруі БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының талаптарына сәйкес келеді. Валюталық позициялар үлесі үйғарынды деңгей шегінде қалады және БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының талаптарын бұзбайды.

4-кесте. 01.12.2014 жылғы жағдай бойынша инвестиция нысандарының тізбесі және лимиттері

№ р/с	Каржы құралдарының түрі	Накты мәні (зейнетакы активтерінен пайызыда)	Талаптардың орындалуы (иә/жок)
	<b>Ақшалай қаражат</b>	<b>0,63%</b>	иә
	<b>Борыштық құралдар</b>	<b>78,98%</b>	иә
1	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағалы қағаздары (басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес эмитенттеген бағалы қағаздарды қоса алғанда), сонымен катарап «Кері РЕПО» операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздарды қоса алғанда қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен шығарылған бағалы қағаздар.	46.06	иә
2	шетелдік мемлекеттердің орталық үкіметтерімен шығарылған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар, оның ішінде: 1) «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB»- төмен емес тәуелсіз рейтингісімен немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған үксас деңгейінің рейтингісі;	1.72%	иә
		1.11%	иә

	2) «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» бастап «В» дейінгі тәуелсіз рейтингісімен немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингісі;	0.61%	иә
3	Қазақстан кор биржасының рееси тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының жергілікті аткаруыш орнандарымен шыгарылған облигациялар	0,12%	иә
4	Екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары, оның ішінде: 1) «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар немесе «Standard&Poor's» агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzB» төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар; 2) жалған мемлекеттік сектордың субъектілерімен шыгарылған борыштық бағалы қағаздар; 3) Қазақстан кор биржасының рееси тізіміне енгізілген кепілдемесі немесе мемлекеттік кепілдігі бар Қазақстан Республикасы үйымдарының инфрақұрылымдық облигациялары; 4) Қазақстан кор биржасының рееси тізіміне енгізілген борыштық бағалы қағаздар.	9.74% 0,00% 6.65% 0.68% 2.41%	иә иә иә иә иә
5	Келесі халықаралық қаржы үйымдарымен шыгарылған борыштық бағалы қағаздар: – Халықаралық Қайта құру және Даму банкі; – Еуропалық Қайта құру және Даму банкі; – Америкааралық даму банкі; – Халықаралық есеп банкі; – Азиялық Даму банкі; – Африкалық даму банкі; – Халықаралық қаржы корпорациясы; – Ислам Даму банкі; – Еуропалық инвестициялық банкі; – Еуразия Даму банкі	1,89%	иә
6	Шетелдік үйымдар шыгарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, оның ішінде: 1) «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар; 2) «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» бастап «В» дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар	2.11% 0,18% 1.93%	иә иә иә
7	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-» төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар үйымдарымен шыгарылған Principalprotectednotes.	1,16%	иә
<b>Үлестік құралдар</b>		3,47%	иә
8	Қазақстан Республикасы үйымдарымен және шетелдік үйымдармен шыгарылған үлесті бағалы қағаздар, оның ішінде: 1) Қазақстан Республикасының үйымдары шыгарған жай және артықшылықты акциялар, Қазақстан Республикасының үйымдары шыгарған акцияларға депозитарлық колхаттар; 2) шетелдік үйымдар шыгарған жай және артықшылықты акциялар, шетелдік үйымдар шыгарған акцияларға депозитарлық колхаттар;	3.47% 3.25% 0.23%	иә иә иә
<b>Екінші деңгейдегі қаржы құралдары, салымдарды қоса алғанда</b>		<b>34.47%</b>	иә
<b>Басқа құралдар</b>		<b>-0,06%</b>	иә
10	Лондондық бағалы металдар нарығының кауымдастығы (London bullion market association) қабылданған және осы кауымдастықтың құжаттарында «Лондондық сапалы жеткізілім» («London good delivery») стандарты ретінде белгіленген халықаралық сапа стандарттарына сәйкес келетін тазартылған бағалы металдар және метал депозиттері, оның ішінде Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA» төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінде он екі айдан аспайтын мерзімге салынған металл депозиттері	0,00%	иә
11	Түнінды қаржы құралдары, қоса алғанда, алайда мұнымен шектелмейтін базалық активтері болып зейнетакы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдары, шетел валютасы, мынадай есеп айырысу көрсеткіштері (индекстер) табылатын фьючерстер, опциондар, своптар, форвардтар: 1) Егер түнінды қаржы құралдары инвестициялық тәуекелді хеджирлеу үшін пайдаланылатын болса; 2) Есеп айырысу көрсеткіштері (индекстер): 1. MICEX (Moscow Interbank Currency Exchange Index); 2. DAX (Deutscher Aktien index); 3. CAC 40 (Compagnie des Agents de Change 40 Index);	-0,06% -0,06% 0,00%	иә иә иә

- |  |   |  |  |
|--|---|--|--|
|  | 4. NIKKEI - 225 (NIKKEI - 225 Index);<br>5. TOPIX (Tokyo Price Index);<br>6. HSI (Hang Seng Index);<br>7. ENXT 100 (Euronext 100);<br>8. RTSI (Russian Trade System Index);<br>9. DJIA (Dow Jones Industrial Average);<br>10. S&P 500 (Standard and Poor's 500 Index);<br>11. FTSE 100 (Financial Times Stock Exchange 100 Index);<br>12. KASE (Kazakhstan Stock Exchange);<br>13. MSCI World Index (Morgan Stanley Capital International World Index). |  |  |
|--|---|--|--|

<b>Валюталық нетто-позиция</b>		<b>12,20%</b>	иә
12	АҚШ доллары, Еуро, Ағылшын фунт стрелингілеріндегі ашық валюталық позиция	11,37%	иә
13	Басқа валюталар бойынша ашық валюталық позиция	0,83%	иә